

1. Менеджмент
 - A) өндірісті жан – жақты зерттеу
 - B) өндіріске жаңа идеялар мен жобаларды енгізу көзі
 - C) өндірісті ұйымдастыру
 - D) өндірісті басқару
 - E) өндірісті бақылау
2. Бөлу факторлары
 - A) құнды қағаздардан келген табыстар
 - B) несиелік пайыз мөлшерлемелері
 - C) пайданың қарыздарды өтеу және пайыздарды төлеу үшін банкке бағытталуы
 - D) әлеуметтік мұқтаждықтар
 - E) қор қайтарымдылығы
3. Алғаш рет қағаз ақшалар пайда болды
 - A) XII ғасырда Қытайда
 - B) V-VII Италияда
 - C) XVII АҚШ
 - D) XV Мысырда
 - E) XIX Ресейде
4. Натуралды шаруашылықтың негізгі қасиеттері
 - A) тұйық, әмбебап еңбек, жанама байланыстар
 - B) ашық, әмбебап еңбек, шаруашылықтың тікелей байланыстары
 - C) тұйық, әмбебап еңбек, шаруашылықтың тікелей байланыстары
 - D) ашық, еңбек бөлінісі, жанама байланыстар
 - E) тұйық, еңбек бөлінісі, жанама байланыстар
5. Ауыл шаруашылығы, шаруашылық жүргізудің табиғи нысаны және қол еңбегінің басымдылығын сипаттайтын жүйе
 - A) рыноктық экономикалық
 - B) индустриядан кейінгі
 - C) дәстүрлі
 - D) индустрияға дейінгі
 - E) индустриялық экономикалық
6. Нарық жағдайында ұсынысқа немесе сатушылардың сату қабілетіне әсер ететін бағалық және бағалық емес факторларды
 - A) игіліктердің бағасы
 - B) ресурстардың бағасы
 - C) дисконт
 - D) сұраныс детерминанттары
 - E) ұсыныс детерминанттары

7. Натуралды шаруашылық
- A) өнімдердің жеке тұтыну үшін емес, олардың айырбастау және сату үшін өндірілетін
 - B) табиғаттың дайын игіліктерінің «экономикалық игіліктермен» толықтырылуы
 - C) тұтынудың минималды деңгейіне кепілдік беретін және өндіріс терімшілік пен аң аулаушылықты біртіндеп ығыстыратын
 - D) өндіріс пен тұтынудың арасында тікелей экономикалық байланыстардың болмауы
 - E) қоғамның тек өз қажеттіліктері үшін ғана өндірумен айналысатын
8. Құн заңына сай пайдалы заттардың рыноктық құны анықталады
- A) игіліктерді өндіруге кеткен жұмыс уақытымен
 - B) тауарға жұмсалынған қоғамдық еңбектің құны
 - C) қоғамдық қажетті жұмыс уақытымен
 - D) өзінің жеке қажеттіліктері өндіруге кеткен уақытпен
 - E) уақыт бірлігіндегі еңбек шығындарымен
9. Позитивті экономикалық талдау
- A) елдің экономикасы туралы субъективтік бағалаулар
 - B) елдің экономикалық саясатын іске асырудың жолдары
 - C) экономикалық қарым - қатынас жағдайында ғылыми түсініктер
 - D) қазіргі экономиканың дәл өзін сипаттайтын шындық жайттар
 - E) белгілі бір экономикалық қатынасқа сүйене отырып экономиканы сипаттау
10. Кәсіпорын жыл бойы шығарылған өнімнің жалпы көлемін (ТӨ) 210 мың теңгеге өндірді. Осы мезгілде негізгі қордың орташа жылдық құны (ҚО) 255 мың теңгені құрады. Қор сиымдылығы қаншаға тең
- A) 0,66
 - B) 0,93
 - C) 0,77
 - D) 0,82
 - E) 0,97